«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
КОМИТЕТІНІҢ АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА ПО АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

060011, Атырау қаласы, Б.Құлманов көшесі 148-а үй
тел.: 8 (7122) 31-90-44, 31-90-40

060011, город Атырау, улица Б.Кулманова, 148-а
тел.: 8 (7122) 31-90-44, 31-90-40

№05- С-88-136/104
06.04.18.

«Қазақстан жастарының Парламенті»ҚҚ президенті М. Сейдуалхан.
Оңтүстік Қазақстан облысы
Шымкент қаласы, Жібек жолы даңғылы,30

Сіздің №8002 (кіріс№ ЗТ-С-88 19.03.2018ж) және №02 29.03.18ж (кіріс№ЗТ-Ш-136 06.04.2018ж)

Атырау облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті «Атырау облысы Жастар саясаты мәселелері басқармасы» ММ-нің №2399863-1 «Орта және арнаулы оқу орындарында студенттік өзін-өзі басқару жүйесін дамыту бойынша қызметтер» конкурсына катысты өтінішіңізді қарап, төмендегіні хабарлайды.

ҚР Қаржы министрінің 11.12.2015ж №648 «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген Қағаданың (әрі қарай-Қағида) №8-1 қосымшасында көзделген мемлекеттік әлеуметтік тапсырыспен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу бойынша конкурстық құжаттамасының 5 тармағына сәйкес *«Конкурсқа қатысуға өтінім мыналарды қамтиды: 1) электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған құжаттардың электрондық көшірмелерін не оның біліктілік талаптарына сәйкестігін растауда әлеуетті өнім беруші ұсынатын электрондық құжаттарды: заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы куәлікті немесе анықтаманы қамтуы тиіс. Егер заңды тұлға Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте бекітілген Үлгілік жарғы негізінде қызметті жүзеге асырса, онда мемлекеттік тіркеу туралы өтініште...»*, сонымен қатар 28 тармағы 1 тармақшасына сәйкес *«Әлеуетті өнім беруші мынадай: 1) өзі және (немесе) оның бірлесіп орындаушысы біліктілік талаптарына (егер белгіленген тәртіппен көзделген жағдайда) және конкурстық құжаттамада белгіленген техникалық ерекшеліктер талаптарына сәйкес емес деп айқындалған... оның конкурсқа қатысуға өтінімі КҚ-ның талаптарына сәйкес емес деп айқындалған жағдайда конкурсқа қатысуға (конкурсқа қатысушы деп тануға) жіберілмейді»* деп белгіленген.

Осы тұрғыда, Сіздің конкурстық өтініміңіз біліктілік және конкурстық құжаттама талабына сәйкес еместігі анықталды, себебі конкурстық өтінімге заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы куәлікті немесе анықтаманысы жалғанбаған.

Сонымен қатар, тапсырыс берушінің қойған мақсаттарға қол жеткізуі бойынша егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспары, конкурстық құжаттаманың техникалық ерекшелігінде қарастырылған барлық талаптарды қамтымаған, атап айтқанда «Студенттік өзін-өзі басқаруды дамыту жобасын жүзеге асыру туралы қызметтер» бөлігінде «ЖОО, ОАОО мен облыстың қоғамдық, мәдени, және спорттық өміріне жастарды тарту мақсатында қызығушылықтары бойынша кемінде бес студенттік клубтардың: 5-тен кем емес спорттық және мәдени іс-шаралар өткізу» шараның өткізу мерзімі көрсетілмеген.

Жоғарыда көрсетілген себептерге байланысты конкурстық өтінімнің кері қайтарылуы мемлекеттік сатып алу заңнама талаптарына қайшы еместігін қаперіңізге береміз.

Берілген жауапқа қанағаттанбаған жағдайда Қазақстан Республикасының «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының талаптарына сәйкес, сотқа шағымдануға құқығыңыз бар екендігін қаперіңізге береміз.

Департамент басшысының орынбасары **Б.Анжанов**

орын.А.Дүйсенғалиева

Тел 319042